

**Сарыағаш аудандық Қоғамдық кеңесі мүшелігінен шығып қалған
азаматтардың орнына сайлауға конкурс өткізу туралы
ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі Жұмыс тобы Сарыағаш аудандық Қоғамдық кеңесі мүшелігінен шыққан 2 азаматтың орнына сайлау туралы коммерциялық емес ұйымдар өкілдері, азаматтар арасында 2 орынға конкурс жариялайды.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатуралар коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар ұсынуы оның ішінде өзін-өзі ұсынуы мүмкін.

Осы ұсынысын жолдайтын әрбір коммерциялық емес ұйым және әрбір азамат біреуден аспайтын кандидат ұсына алады.

Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматы, Сарыағаш ауданы шегінде тұратын азаматы Қоғамдық кеңесінің мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатқа Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес талаптар қойылады.

1) сотталғандығы болмауы;
2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танылмаған болуға;

3) психикалық ауруға, алкоголизмге, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмауға тиіс.

Коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар конкурсқа қатысу үшін Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөнінде Жұмыс тобына:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңеске құрамына ұсыну туралы комерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәлімет ұсынылуы қажет.

Ұсыныстарды қабылдау 2020 жылдың 21-тамызынан 04-қыркүйегіне дейін дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 09.00-ден бастап, 19.00-ге дейін жүргізіледі, үзіліс 13.00-ден 15.00 сағатқа дейін. Мекен жай: Сарыағаш қаласы Исмайлов көшесі, №37 үй. Байланыс телефоны: 2-10-95 Электронды мекен жай: maslihat_2010@mail.ru

Конкурсқа қатысу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныс енгізу тәртібі жөнінде қосымша ақпаратты және ұсынылатын құжаттар үлгілерін тікелей Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөнінде Жұмыс тобына 2-10-95 телефоны бойынша аудандық мәслихаттың ұйымдастыру құқық бөлімшесінің басшысы, жұмыс тобының хатшысы Бименов Арыстанбек Қаржаубайұлынан, сондай-ақ аудандық мәслихат сайтынан (www.Saryagashmaslihat.gov.kz) алуға болады.

**Сарыағаш аудандық мәслихат хатшысы,
Қоғамдық кеңесті қалыптастыру
жөніндегі жұмыс тобының басшысы**

Б.Садықов